

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы»
Республикалық мемлекеттік
мекемесі



Республиканское государственное
учреждение «Казахская
национальная консерватория имени
Курмангазы»
Министерства культуры и
информации Республики Казахстан

**ҚЫЗМЕТ
ЕРЕЖЕ**

**ПОЛОЖЕНИЕ
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

2024 жылғы 30 қазан
күні

№

Г-Н-24

Алматы қ.

г. Алматы

Бекітемін:

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және ақпарат министрлігі

«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық
консерваториясы» РММ

Ғылыми кеңес шешімімен

ГК төрағасы Г. Тасбергенова

2024 жылғы «30» 10 № 03 хаттама



"ЭМОЦИОНАЛДЫ ҚАУІПСІЗДІК" КЛУБЫ

Дайындаған:			
Психолог	<u>А</u>	Шабденова Д.Р.	<u>30.10.2024</u>
Келісілді:			
Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор	<u>А</u>	Кулданов Н.Т.	<u>30.10.2024</u>
Сапа менеджмент секторының басшысы	<u>А</u>	Сарымсакова А.С.	<u>30.10.2024</u>
Заң секторының басшысы	<u>А</u>	Мамедова Д.Я.	<u>30.10.2024</u>
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бас әкімші	<u>А</u>	Омарұлы О.	<u>30.10.2024</u>
Студенттермен және түлектермен жұмыс бөлімінің басшысы	<u>А</u>	Ыскаков Ж.Ж.	<u>30.10.2024</u>
Лауазымы	Қолы	ТАӘ	Күні

МАЗМҰНЫ

1	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2	ҚЫЗМЕТ ТҮРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ.....	3
	ПАРАГРАФ 1. МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	3
	ПАРАГРАФ 2. ҚҰРЫЛЫМЫ	3
	ПАРАГРАФ 3. ЖҰМЫС ТӘРТІБІ	4
	4-ПАРАГРАФ. КЛУБ МҮШЕЛІГІ, ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	4
3	ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	5
	ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ	5
	ТАНЫСУ ПАРАҒЫ	7

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1. «Эмоционалды қауіпсіздік» клубы «Psychoexpress» жобасы, Қазақстан Республикасының Алматы қаласындағы "Қауіпсіз орта" Үйлестіру кеңесі шеңберінде жұмыс істейді. Бұл клуб Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасының негізгі тенденцияларын көрсетеді және консерватория студенттері үшін студенттердің ерікті қоғамдық қызметін білдіреді.

2. Бұл ереже клуб мүшелерінің өзара қарым-қатынасы реттелетін, клубтың жұмысын ұйымдастыруды және оның тиімді жұмыс істеуін көздейтін құжат болып табылады.

2. ҚЫЗМЕТ ТҮРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Параграф 1. Мақсаттары мен міндеттері.

3. Клубтың мақсаты студент жастардың, болашақ магистрлер мен докторлардың әлеуметтік-психологиялық мәдениетін қалыптастыру, студенттердің психоэмоционалды денсаулығын қолдау, эмоционалды тұрақтылықты арттыру және стрессті басқару бойынша тұрақты кездесулер мен тренингтер өткізу болып табылады.

4. Клубтың міндеттері:

1) жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары, элективті курстар, әлеуметтік-психологиялық базамен танысу, осы саладағы мамандармен, медициналық психологтардың өкілдерімен, қоғаммен және т. б. ақпарат алмасу негізінде алынған әлеуметтік-психологиялық білімді тереңдету және жетілдіру;

2) психология, әдістер бойынша кең өзара білім алмасуға жәрдемдесу;

3) клуб мүшелерінің сенімдерді және тиісті мінез-құлық үлгілерін меңгеру қажеттілігіне жеке қызығушылығын жандандыру;

4) алған білімі мен тәжірибесін студенттердің келесі буынына тарату процесінде тәлімгерлік қолдау;

5) әлеуметтік, психологиялық және басқа да ұйымдардың, БАҚ өкілдерін, суицидтің алдын алу, буллинг мәселелері бойынша көрнекті қоғам қайраткерлерін шақыра отырып, пікірталас аландарын, брифингтерді, дөңгелек үстелдерді ұйымдастыру;

6) оқу процесі, клубтық қызмет шеңберінде ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың шығармашылық-дербес жұмыс нысандары негізінде эмоционалды тұрақтылықты арттыру және стрессті басқару бойынша тұрақты кездесулер мен тренингтер өткізу.

Параграф 2. Құрылымы.

5. Клуб құрылымы:

1) үйлестіруші;

2) жауапты хатшы;

3) клуб мүшелері.

6. Клубтың үйлестірушісі клубтың жұмысын ұйымдастыруға және қойылған міндеттерді орындауға жауапты. Клуб отырыстарының тәртібін айқындайды және оларға басшылық жасайды. Клуб үйлестірушісі жалпы жиналыста көпшілік дауыспен сайланады.

Клубтың жоғарғы органы - "Жалпы жиналыс". "Жалпы жиналыс" клуб мүшелерінен

Қызмет ереже	«Эмоционалды қауіпсіздік» клубы	
Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясы		7 беттің 3 беті

тұрады.

9. "Жалпы жиналыстың" құзыреттері:

- 1) клубтың ережесін бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
 - 2) клуб қызметінің негізгі бағыттары мен бағдарламаларын айқындау;
 - 3) клуб мүшелерін қабылдау және шығару мәселелерін қарау.
10. Клуб жиналысын клуб үйлестірушісі жүргізеді.
11. Клуб отырысы кезінде хатшы хаттама жүргізеді.
12. Клуб айына кемінде бір рет жиналады.
13. Клуб іс-шараларға басқалармен жастар ұйымдарымен бірлесіп қатысады.

Параграф 3. Жұмыс тәртібі.

14. Үйлестірушінің міндеттері:

- 1) клуб мүшелерін жиналысты өткізу уақыты туралы хабардар ету;
 - 2) клуб мүшелерін қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету;
 - 3) клуб отырысының күн тәртібін жасау;
 - 4) клуб мүшелерінің ережені орындауын бақылау;
 - 5) клубта семинарлар, тренингтер ұйымдастыру;
 - 6) клуб атынан келіссөздер жүргізу және басқа да іс-шараларға қатысу.
15. Клуб хатшысының міндеттері:
- 1) клуб отырысының хаттамасын жүргізу;
 - 2) клубтың қызметіне байланысты құжаттарды дұрыс жүргізу жауапты болады.

Параграф 4. Клуб мүшелігі, құқықтары мен міндеттері.

16. Психологиялық клубтың мүшелері кез-келген Консерватория студенттері бола алады, білімалушылар арасында тұлғалық қалыптасуы мен дамуының мәселелерін шешуде, әлеуметтік-психологиялық дамуды және тұрақты ұстанымды қалыптастыру идеяларын өз еркімен қабылдайды.

17. Клуб мүшелігіне қойылатын талаптар:

- 1) клуб мүшесі консерваторияда оқитын, психология мәселелеріне қызығушылық танытатын, осы саладағы білімдерін ұштайтын кез келген студент бола алады;
- 2) әр түрлі деңгейдегі ұқсас клубтардың жұмысына қатысқан студенттер, сонымен қатар осы мәселеге қызығушылық танытатын студент жастар.

18. Клубқа мүшелік тоқтатылады:

- 1) клуб мүшесінің өз бастамасы бойынша;
- 2) көпшілік даусымен клубтың мүшелері ережелерін орынсыз орындағаны және клубтың басқа мүшелеріне қатысты дұрыс емес мінез-құлық танытқаны үшін.

19. Клуб мүшелерінің құқықтары:

- 1) пікірталастарға, психологиялық тақырыптарға; бағдарламаларға және психологиямен байланысты іс-шараларға қатысу;
- 2) клуб қызметі туралы ақпарат алу;
- 3) клуб өкілі ретінде қоғамдық іс-шараларға қатысу;
- 4) клубтан өз еркімен шығу.

20. Клуб мүшелерінің міндеттері:

- 1) осы клуб қызметінің ережелерін сақтау;
- 2) клубтың әлеуметтік-психологиялық идеяларын насихаттау.

Консерватория білімалушыларына;

- 3) клуб кеңесі бекіткен шешімдерін орындау;
- 4) клуб қатарына жаңа мүшелерді тарту бойынша жұмыс жүргізу;

Қызмет ереже	«Эмоционалды қауіпсіздік» клубы	
Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясы		7 беттің 4 беті

5) клубтың беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеу.

4. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

21. Бұл ереже Консерватория басшылығы бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

22. Клуб ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі клубтың "Жалпы жиналысының" шешімімен енгізіледі.

23. Клубтың кез келген мүшесі осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізуге құқылы. Ұсыныс жазбаша түрде жазылуы, жан-жақты дәлелденуі, қол қойылуы және клуб үйлестірушісіне берілуі керек.

24. Клуб жиналысы осы ұсыныс келіп түскеннен кейін екі апта ішінде оны қарауға және талқылауды ұйымдастыруға міндетті.

25. Клуб қызметін тоқтату:

1) клубтың қызметі ерікті түрде немесе тарату жолымен, сондай-ақ басқа да заңды негіздер бойынша тоқтатылуы мүмкін;

2) клубты қайта ұйымдастыру үшін ерікті тарату клубтың "Жалпы жиналысының" шешімі негізінде жүзеге асырылады.

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]